

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 8 маусымдағы "Жетісу облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы" № 170 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 180 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2025 жылы 2 маусымда № 318-19 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы әкімдігінің 2025 жылғы 9 қыркүйектегі № 276 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы әкімдігінің 09.09.2025 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жетісу облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 8 маусымдағы "Жетісу облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді белгілеу туралы" № 170 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 182809 тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімдігінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкімнің бірінші орынбасары
"КЕЛІСІЛДІ"*

А. Жаканбаев

*Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық
бақылау Комитетінің Жетісу облысы бойынша
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті РММ
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі
Алакөл-Балқаш бассейндік инспекциясы РММ
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық*

**Жетісу облысының су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы
көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлері**

№	Су объектісінің атауы	Халықтың жаппай демалу орындары	Елді мекен	Ескертпе
Талдықорған қаласы				
1	Қаратал өзені	Қалалық жағажай	Талдықорған қаласы	Мемлекеттік жер қоры
Алакөл ауданы				
2	Алакөл көлі	Алакөл көлі жағалауының жағажайлары	Ақши ауылы	Мемлекеттік жер қоры
3	Алакөл көлі	Алакөл көлі жағалауының жағажайлары	Көктұма ауылы	Мемлекеттік жер қоры
Сарқан ауданы				
4	Балқаш көлі	Балқаш көлі жағалауының жағажайлары	Лепсі ауылы	Мемлекеттік жер қоры
Текелі қаласы				
5	Ашық жүзу бассейні	Қалалық бассейн	Текелі қаласы	Мемлекеттік жер қоры